



Сыр бойы

№43
(19721)
27 НАУРЫЗ,
СӘРСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

BÜGİNGI SANDA



ALĠĠASHQY
ASTANADAN
SÁLEM



AĠA TÝRALY
TOLĠANYS



DÝMANĠA
TOLY KÚN



RESPÝBLIKALYQ OLIMPIADA

ДАРЫНДЫЛАР ДАРАЛАНАТЫН БІЛІМ БӘСЕКЕСІ

Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрда қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша республикалық олимпиаданың ашылу салтанаты болды. Білім бәсекесіне еліміздің барлық аймағынан 663 оқушы қатысуда. Салтанатты жиынды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ашып, олимпиадада бақтарын сынағалы келген жас дарындарға ақ жол тіледі.

Облыс әкімі «ақыл-ойдың, білімнің бәсекесі алға шыққан бүгінгі заманда жастардың білімі, біліктілігі мен дағдылары – барша ұлттың ең маңызды әрі қымбат ресурсы» екенін атап өтті. Саланы дамытуға қатысты байламды пікір айтты.

Аймақ басшысы болашақта технологияларды құру және пайдалану, әлеуметтік белсенділік пен кәсіпкерлік, коммуникация мен дизайн, сондай-ақ, мектеп бағдарламасына кірмейтін ғылым салаларындағы дарындарды қолдау мақсатында жоғары білікті инженер мамандарды даярлауға, инновациялық технологиялар мен идеяларды әзірлеуге, тестілеуге және енгізуге бағытталған толыққанды технопарктер құру қажеттілігін атап өтті.

Олимпиада қатысушыларын ҚР Білім және ғылым вице-министрі Эльмира Суханбердиева құттықтады.

Сыр өңіріндегі білім бәсекесіне қатысушыларға сәттілік тілеген вице-министр биыл «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының құрылғанына 20 жыл толғанын атап өтті. Талай түлектің арманына қанат байлаған орталық құру сол кезеңде Білім және ғылым министрлігін басқарған Қырымбек Көшербаевтың идеясы екендігін жеткізді.

25-29 наурыз аралығында қазақ, орыс және шет тілдері, құқық негіздері және Қазақстан тарихы бойынша олимпиаданың 2 кезеңі өтеді. Сондай-ақ, олимпиада қатысушылары Қармақшы ауданында орналасқан «Қорқыт ата» мемориалдық кешенінде өтетін жастар форумына қатысатын болады. Білім додасы 29 наурызда қорытындыланады.



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ашылу салтанатында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың сөйлеген сөзінен

**Қадірлі қонақтар!
Республикалық олимпиадаға
қатысушы жас дарындар!**

Алашқа ана, талайға пана болған, ұлы ойшыл Қорқыт ата дүниеге келген, ежелгі шығыс өркениетінің орталығы, түркі мәдениетінің алтын көмбесі болған қасиетті Сыр жеріне қош келдіңіздер!

Сыр өңірі – алаштың Айға ұшар арманы орындалған өміршең өлке! Соның белгісі – Байқоңыр ғарыш алаңының қаншама ұлт пен ұлыстың өкілі өз арманын орындап, Айға аяқ басты, әлемдік зерттеулерге жол ашты. Олай болса, баршаны бауырына басып, досқа құшағын кең ашқан Сыр жеріне басқан қадамдарыңыз сәтті болсын дейміз!

Құрметті жас достар!

Білім – мемлекет дамуының алтын арқауы. Өсіп-өркендеудің, табысқа, жетістікке жетудің, дәулетті өмір сүрудің негізі де терең білімде жатыр. Сондықтан, жастарымыздың заманауи білім алуына қажетті мүмкіндіктің барлығы жасалған.

Ендігі мақсат – бәсекеге сай 30

өркеніетті елдің қатарына ену.

Сондықтан, ғарыштық жылдамдықпен дамыған заман талабына сай болу, жаңаға бейімделу, шапшаң қимылдап, қырағы болуға үйрену. Сол үшін сіздерге заманауи технологияларды меңгеру аса қажет.

2-бет.

AKTPIA

2100 ТҮП АҒАШ КӨШЕТІ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Кеше ҚР Тұңғыш Президент саябағында «Нұр-Сұлтан қаласы – болашақтың қаласы» атты тал отырғызу акциясы болып өтті. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ұстаздар мен студенттер, белсенді жастар және қоғамдық бірлестік өкілдері қатысты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Екі мыңға жуық адамның қатысуымен ұйымдастырылған акцияда 2100 түп ағаш көшеті отырғызылды. – Бұрынғы дәстүр бойынша, көктем туысымен көк шыбықты отырғызып, күтіп-

баптайтын Сыр жастары бүгінгі акциядан да тыс қалмады. 30-дан астам жастар ұйымының белсенді өкілдері «Нұр-Сұлтан қаласы – болашақтың қаласы» атты акцияға келіп, бастамаға лайықты үн қосты, – дейді

қалалық «Жас Отан» жастар қанаты филиалының басшысы Бексұлтан Өткелбаев.

Айта кету керек, аталған акция апта басында басталып, Қазақстан Республикасы астанасына жаңа атау берілуіне орай қалада «Алғашқы астанадан сәлем!» атты аймақ белсенділері мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен концерт өткен болатын.

Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.



ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕДІ

2019 жылғы 28 наурызда сағат 10.00-17.00 аралығында облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың қатысуымен «Аймақтағы құрылыс және сәулет саласының дамуы туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.gov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

MEREKE



ЖАҢАРҒАН МАУСЫМ – ЖАСАМПАЗ НАУРЫЗ

Облыс орталығында Наурыз мерекесі ерекше аталып өтті. Орталық алаңда 30 киіз үй тігіліп, спорттық шаралар ұйымдастырылды. Театрландырылған қойылыммен ашылған мерекеге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, жұртшылықты Наурыз мейрамымен құттықтады.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Бұл күні ренжіскен адамдар табысып, бір дастарқаннан дәм татып, бір-біріне ырыс-несібе тілеген. Біз үшін Наурыз мейрамы – өткенді саралап бағамдайтын, болашағымызға бастау алатын ерекше кезең. Соның бірден-бір дәлелі – кешегі Елордала өткен тарихи сәт. Тәуелсіз еліміздің негізін қалаушы, Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз өкілеттігін тоқтату

туралы шешім қабылдады. Бұл сәт біздің Тәуелсіз еліміздің, халқымыздың дүниедегі жоғары абыройын тағы да биікке көтерді, елдің бірлігі мен ынтымағының дәлелі, саяси тұрақтылық пен мәдениеттің үлгісі болды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Елбасының сөзімен «Алаштың анасы» атаған Сыр халқының атынан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа мың да бір рақмет

ҚАЗАҚ ҚАРЛЫҒАШЫ, ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУШЫ ЭЛИЗАБЕТ ТҰРСЫНБАЕВА САЙТАМАДАҒЫ АЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС МЕДАЛІН ЖЕҢІП АЛДЫ.

Бұл еліміз үшін Ұлыс мерекесімен қабат келген ең үлкен қуаныштың бірі болды. Элизабет еркін бағдарлама бойынша өткен сайыста мұз айдыны тесіндегі төрт айналым сальхов әдісін мінсіз орындады. Осылайша мәнереппен сырғанау тарихында бұл элементті әйелдер арасындағы ресми сайыстарда тұңғыш рет жасаған спортшы атанды.

Элизабет осы «төрттік сальховты» бұған дейін Ана-

ҚАЛЫҚТАСА ЛИЗАМЫЗ, ШАРЫҚТАЙМЫЗ, РИЗАМЫЗ

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

хаймда өткен Төрт құрлық турнирінде де жасауға талаптанатын, толық игере алмаған болатын. Бірақ жарыстан соң берген сұхбатында: «Мен бұл элементті алдағы уақытта толық орындайтынымна сенімдімін» деген еді. Қарлығаш қанатты қызымыз сөз үдесінен шықты! Сондай-ақ, Элизабет сырғанау мен билеудің бірлігін тұратын «тулу», «лутц» әдістерін де әдемі орындаушы есебінде жапон төріндегі талғампаз жұртшылықты таңғалдырмай қоймады.

Еркін және қысқа бағдарламаның қорытындысымен осы әлемдік додада ресейлік мәнереппен сырғанаушы Али-на Загітова 13 ұпай артықшылықпен алға озып кетті. Ал, үшінші тұғырға тағы бір ресейлік Евгения Медведева орынқты. Сөйтіп, алдына жан салмай жүрген жапондар өз елінде қонақтарға жол беру-

ге мәжбүр болды. Күншығыс елінің қызы Каори Сакамота ғана қысқа бағдарлама сынында 2-орынға қол жеткізді. Бірақ еркін бағдарламадағы сырғанауда кейін сырғып кетті.

Түбі Сыр елінен шыққан Э.Тұрсынбаева Мәскеуде дүниеге келген. Әрнәрсеге бейімді, өте талантты жас. Ол скрипкада және фортепиано-да шебер ойнайды, бірнеше тілді меңгерген. Спорттық жолын 2005 жылы бастаған. 2012 жылы ресейлік Этери Тутберидзенің мектебінде жаттыққан Элизабет бір жылдан соң канадалық жаттықтырушы Брайан Орсердің командасына ауысып кеткен. Канадада жаттыға жүріп Азия ойындарының қола медалін, Төрт құрлық турнирінде 8-ші орын алып, Пхенчхан олимпиадасында 12-ші орынға ғана тұрақтады. Оның бойындағы дарынын білетіндер бұл жетістіктерді олқы санады. Сөйтіп, ол былтыр маусым айынан бері Элизабет Этери мектебінде қайта орады.

Бұл шешім 2022 жылы Пекинде өтетін Олимпиада ойындарына тынғылықты дайындайтын келетінімен байланысты, яғни, Элизабет қазақтың көк байрағын Олимп шыңынан желбіретуді армандайды.

Сен арманыңа жетесің, кайсар қыз! Себебі қолдаушың халқын бар, жанкүйер жұртың бар!

